

Қазақстандағы 2026 жылғы ыстық маусым

2026 жылдың **маусым** айында Қазақстан аумағының басым бөлігінде ыстық ауа райы байқалды, тек жекелеген күндері өткінші жаңбыр, найзағай, екпінді жел соғып, бұршақ байқалды. Ауа температурасы климаттық нормадан 1-5°-қа жоғары болды. Негізгі температуралық фон +30+38°C, оңтүстік өңірлерде +43°C-қа дейін құрады. Бұл құрғақ тропиктік ауаның ықпалымен байланысты болды.

Ал еліміздің батысында, керісінше, жауын-шашын мөлшері нормадан 2-5 есе асатын салқын әрі жаңбырлы ауа райы байқалды. Мұнда ауа райын белсенді Атлантикалық циклондар қалыптастырды.

Жоғары температуралық фон аясында жаңа температуралық рекордтар тіркелді: мысалы 01 маусымда Алматы қаласында (Алматы облысы) ауа +34,5°C-қа дейін жылынып, 1967 жылғы рекордты (+34,4°C) жаңартты; Павлодар қаласында (Павлодар облысы) ауа 36,8°C-қа дейін жылынды, бұл 1955 жылғы рекордтан (+36,1°C) жоғары болды, 08 маусымда Астана қаласында температура +33,7°C-қа жетіп, 2023 жылғы рекордтан (+33,6°C) асты. 29 маусымда еліміздің шығысында көпжылдық температуралық рекордтар жаңартылды: Семей қаласында максималды температура +38,0°C белгісіне жетіп, осылайша 1992 жылғы рекордтан (+36,7°C) асты; Өскемен қаласында +36,7°C тіркеліп, бұл 1974 жылғы рекордтан (+36,0°C) жоғары болды.

Сондай-ақ түскен атмосфералық жауын-шашын мөлшері бойынша да рекордтар тіркелді: мысалы 03 маусымда Ақтөбе облысының Ойыл МС-да (метеостанциясында) 45 мм қатты жаңбыр жауып, бір күнде екі айлық норма түсті (айлық норма 22 мм), Ақтөбе МС-да – 33 мм (нормасы 30 мм), 04 маусымда Шалқар МС-да – 22 мм (нормасы 17 мм) жауын-шашын жауды. Өте қатты жаңбыр осы күні Ақмола облысының Щучинск МС-да да байқалып, 51 мм жауын-шашын тіркелді (нормасы 42 мм), 09 маусымда Михайловка МС-да (Қостанай облысы) – 64 мм (айлық нормасы 39 мм) жауын-шашын жауды, 14 маусымда Егіндікөл МС-да (Ақмола облысы) – 42 мм (нормасы 36 мм) тіркелді. 15 маусымда Құйған МС-да (Алматы облысы) қатты жаңбыр жауды – 25 мм (нормасы 11 мм), 23 маусымда Арал теңізі МС-да (Қызылорда облысы) – 18 мм (нормасы 12 мм) жауын-шашын түсті, 24 маусымда Сарқан МС-да (Жетісу облысы) 49 мм өте қатты жаңбыр жауды (нормасы 40 мм), 26 маусымда Қаратөбе МС-да (Батыс Қазақстан облысы) 40 мм қатты жаңбыр жауды (нормасы 30 мм), Темір МС-да (Ақтөбе облысы) – 25 мм (нормасы 25 мм) тіркелді, 28 және 30 маусымда Бейнеу МС-да (Маңғыстау облысы) тиісінше 21 мм және 14 мм жауын-шашын түсті (нормасы 14 мм). 29 маусымда Солтүстік Қазақстан облысында өте қатты жаңбыр жауды: Тимирязев МС-да – 50 мм (нормасы 42 мм), Рузаевка МС-да – 40 мм (нормасы 37 мм), Благовещенка МС-да – 47 мм (нормасы 46 мм) тіркелді. 30 маусымда Қарауылкелді МС-да (Ақтөбе облысы) – 30 мм (нормасы 23 мм) жауын-шашын болды.

Астана қаласында айлық орташа ауа температурасы +24,4°C-ты құрады, бұл айлық норма +19,6°C болғанда, *нормадан 4,8° жоғары* болды.

Ең жоғары ауа температурасы 23 маусымда байқалып, +36,8°C болды. Елордада ең төменгі ауа температурасы 02 маусымда түнде тіркеліп, +13,1°C-ты құрады. Бір айда 24 мм жауын-шашын жауып, бұл айлық (нормасы 40 мм) *нормадан аз* болды.

Гидрометорталық директоры



М. Шмидт

АРҰМББ басшысы



Ж. Исабекова

